

**Манғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Бейнеу орталық аудандық ауруханасы»
шаруашылық жүргізу құқығындығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**
ХАТТАМА № 2

Бейнеу ауылы

30.06.2023 жыл

Откізілген орны: Бейнеу ауылы, Тобанияз көшесі, 1Д, конференц зал

Жиналыс төрағасы: Б.Аймокенов – аурухананың м.а. директоры

Жиналыс хатшысы: Р.А.Абдуллаева – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимылдарға жауапты маман

Катысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері қорытындысымен таныстырыу;
2. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша жасақталған талдамалық анықтаманы талдау.

Кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға жауапты маманы Р.Абдуллаева ішкі талдаудың барысы мен нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КР Занының 8 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бүйрекімен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ұлгілік ережеге», «Бейнеу орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ МҚК-дағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Ережеге сүйене отырып Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы құрылды. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 01.06.2023ж. – 31.06.2023ж. аралығын қамтыды.

Ішкі талдау жүргізу барысында келесі бағыттар бойынша тәуекелдер анықталды:

- ✓ Персоналды басқару, соның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау
- ✓ Мемлекеттік қызметтер көрсету
- ✓ Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу
- ✓ Жеке және занды тұлғалармен шарттар жасасу

Кәсіпорынның комплаенс қызметіне жауапты Р.Абдуллаева келесі жағдайларды атап өтті: сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі алдау жасақтаған субъектінің бірінші басшысының қарауына ұсынылады және осыған орай тиісінше ұсыныстар беріледі. Атап айтқанда: ішкі күжаттар жасақтау және құқықтық актілер қабылдау, сонымен қатар: сыйбайлас жемқорлық фактілерін жою бағытында, объект қызметін бақылауға лауазымдық тұлғалардың міндеттерін нақтылауға өзгерістер енгізіледі. Р.Абдуллаева жиналғандарды талдамалық анықтамамен және оларды жою бойынша жұмыстардың жоспарымен таныстыруды.

ШЕШІМ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды тоқтаусыз және жүйелі түрде жүргізу;
 2. Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шаралар жүгізу;
 3. Ұжым арасында Қазақстан Республикасы заңдарымен таныстыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу;
 4. Қызметкерледің біліктілігін арттыру мақсатында жиі оқыту жұмыстарын жүргізу.

Жиналыс соңында қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Жиналыс тәрағасы отырыс қорытындасын жасады.

Жиналыс торағасы:



Жиналыс хатшысы:

Б.Аймокенов

Р.А.Абдуллаева